

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андрианова, Д. В. Развитие речи детей дошкольного возраста через легоконструирование / Д.В. Андрианова // Дошкольная педагогика. – 2017. – № 9. – С. 9–10. –ISSN 1726-0973.
2. Михаленкова И.А. Коррекция сенсорного и интеллектуального развития младших школьников с нарушениями слуха.- СПб., 2003.
3. Пономарева, Н.В. Дидактические игры в обучении младших школьников / Н.В. Пономарева // Начальная школа. – 2009. - № 11. – С. 4
4. Психомоторика Ч. 1-2, Гуревич М.О., Озерецкий Н.- 1930
5. Диагностика готовности к чтению и письму детей 6-7 лет» – Москва, 2009.
6. Эльконин Д. Б. Избранные психологические труды. – М., 2004

УДК 376 .4

МРНТИ 14.29.23

С.С. Жакипбекова¹, А.Н. Садық^{2*}

¹ғылыми жетекшісі, PhD, аға оқытушы, Sauleskorpion@mail.ru

²7M01906-Арнайы педагогика: Инклюзивті білім беру мамандығының 1 курс магистранты, musicaika@mail.ru, ^{1,2}Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласы, Қазақстан

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ҰСАҚ МОТОРИКАНЫ ДАМУЫҒА ҮШІН НЕЙРОГИМНАСТИКАНЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада нейрогимнастиканы қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі психикалық дамуы тежелген балалардың ұсақ қол моторикасын белсендіру арқылы сөйлеуге жауап беретін орталықты дамытуға болатындығы жөнінде теориялық шолу жасалып, эксперимент жүргізу арқылы ерекшеліктерін сипаттауға тырысады. Нейрогимнастика – қимыл-қозғалыстық нейробиологиялық түзету әдісі. Нейробиологиялық гимнастика бұл белгілі бір психофизикалық бұзылуларды түзетуге немесе дамудың оң динамикасын жақсартуға көмектесетін арнайы жаттығулар жиынтығы. Нейрогимнастикалық жаттығулар көмегімен психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық процестердің дамуын ынталандырады, балалардың физикалық, психикалық, эмоционалдық денсаулығы мен әлеуметтік бейімделу жағдайын жақсартады, шаршауды азайтады, ерікті бақылау қабілетін арттырады.

Тірек сөздер: психикалық дамуы тежелген балалар, нейрогимнастика, нейробиологиялық гимнастика, танымдық процестер, ұсақ моторика

С.С. Жакипбекова¹, А.Н. Садық^{2*}

¹научный руководитель, PhD, старший преподаватель, Sauleskorpion@mail.ru

²7M01906– магистрант 1 курса специальности -Специальная педагогика: Инклюзивное образование, musicaika@mail.ru, ^{1,2}КазНПУ имени Абая, город Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НЕЙРОГИМНАСТИКИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ МЕЛКОЙ МОТОРИКИ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация

В предлагаемой статье дается теоретический обзор того, как с помощью нейрогимнастики можно развивать центр, отвечающий за речь, активируя мелкую моторику рук у детей с задержкой психического развития дошкольного возраста, и делается попытка описать особенности путем проведения эксперимента. Нейрогимнастика-метод двигательной нейробиологической коррекции. Нейробиологическая гимнастика представляет собой комплекс специальных упражнений, помогающих исправить определенные психофизические нарушения или улучшить положительную динамику развития. С помощью нейрогимнастических упражнений стимулирует развитие познавательных процессов у детей с задержкой психического развития, улучшает физическое,

психическое, эмоциональное здоровье и состояние социальной адаптации детей, снижает утомляемость, повышает способность к произвольному контролю.

Ключевые слова: дети с задержкой психического развития, нейрогимнастика, нейропсихологическая гимнастика, когнитивные процессы, мелкая моторика.

S.S. Zhakipbekova¹, A.N. Sadyk^{2}*

¹scientific director, PhD, senior lecturer, *sauleskorpion@mail.ru*

¹1st course master specialty - Special Pedagogy: Inclusive education, *musicaika@mail.ru*,

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty city, Kazakhstan

THE USE OF NEUROHYMNASTICS FOR THE DEVELOPMENT OF FINE MOTOR SKILLS IN PRESCHOOL CHILDREN WITH MENTAL RETARDATION

Abstract

The proposed article provides a theoretical review of whether it is possible to develop a speech-responsive center by activating fine hand motor skills in children with preschool mental retardation using neurohymnastics, and tries to describe the features by conducting an experiment. Neurohymnastics is a method of neuropsychological correction of movement. Neuropsychological Gymnastics is a set of special exercises that help to correct certain psychophysical disorders or improve the positive dynamics of development. With the help of neurohymnastic exercises, it stimulates the development of cognitive processes in children with mental retardation, improves the state of physical, mental, emotional health and social adaptation of children, reduces fatigue, increases the ability to control the will.

Keywords: children with mental retardation, neurohymnastics, neuropsychological Gymnastics, cognitive processes, fine motor skills.

Кіріспе. Қазіргі заманғы білім беруді жаңғырту, жаңа стандарттарды енгізу, жас ұрпақтың санасын рухани-адамгершілік бағдарларға аудару, ізгілендіру мен білім алудың тең мүмкіндіктерінің идеясы өзектіленуде. Атап айтқанда, идеяларды ізгілендіру, дараландыру «Білім туралы» Заңда ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалардың және олардың ата-аналарының құқықтары туралы ереженің пайда болуына, білім алудың нысаны мен білім беру ұйымдарын өз бетінше анықтауға алып келді.

Ерекше қажеттілігі бар балалардың ішінде – психикалық дамуы тежелген балалардың психикалық дамуының тежелу мәселесі – қазіргі таңда Қазақстанның ғана емес, дүниежүзілік психологтар мен педагогтардың көкейтесті мәселелерінің бірі болып есептеледі.

Психикалық дамуы тежелген балалар — оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Мұндай балаларда эмоционалдық ерік-жігерінің жетілмеуі, ересектермен арақатынас нормасының сақталмауы, ойлау әрекетінің ықтиярсызды, есте сақтаудың жеткіліксіздігі мен тағы да басқа кемшіліктер кездеседі. [1]

Зерттеу әдістемесі. Психикалық дамудың тежелуі баланың жеке тұлғасын қалыптастырудағы эмоционалдық дамудың орнына, сонымен қатар, нейродинамикалық бұзылыстар (астеникалық және церебрастеникалық күй) мағынасына М.С.Певзнер мен Т.А.Власованың назары аударылған болатын. Осыған орай жүктілік кезінде орталық жүйке жүйесіне тиген кері әсерімен байланысты психикалық және психофизиологиялық инфантилизм негізінде пайда болған психикалық дамудың тежелуі; ағзаның астеникалық және церебрастеникалық күйлеріне әкелген әртүрлі патогендік фактор нәтижесінде бала өмірінің ерте кезінде пайда болған тежелу болып бөлінеді. [1]

Психикалық дамуында тежелуі бар балалар біртұтас ретінде қабылданатын объектілерден қажетті элементтерді бөліп алуда қиындықтарға тап болады. Қандай да бір бөлшектерден тұтас бейнені құрастыруда, фоннан объекті бөліп алуда да қиындықтарға кездеседі. Мұндай балаларға қабылдаудың пассивтілігі тән болып келеді. Бұл қиын тапсырмаларды жеңіл тапсырмалармен алмастыру және тезірек құтылып кетуге талпынуларынан көрінеді. Парақ бетіне объектілерді орналастырып сурет салған кезде кеңістікті бейнелеудегі бұзылулар және объектінің жеке бөліктерін кәте біріктіру, суреттерде жеке бөлшектердің бейнеленбей қалуы тәрізді жеткіліксіздіктер байқалады.

О.А.Конради дамуында тежелуі бар балалардың мынандай ерекшеліктерін бөліп қарастырады:

- Психикалық дамуында тежелуі бар мектеп жасына дейінгі балалар сюжеттік бейнелерді бейнелей алмайды. Жеке заттарды бір сюжетке біріктіре алмайды немесе көптеп салынған заттардың 2 – 3 – ін ғана бір эпизодқа біріктіре алады. Суретте заттардың қосымша бөлшектері өте сирек кездеседі.

- Заттардың бейнелерін геометриялық пішіндермен алмастыру мен түстерді қате қолдану (мысалы, аққала қызыл түспен боялған) байқалады.

- Психикалық дамуында тежелуі бар балалар сюжеттік сурет салуда оның тақырыбын таңдауда қиналады.

- Аталған категориядағы мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің салған суреттеріне ат қоя алмайды, сурет салу барысында өздеріне сұрақ қоя алмайды, паракта салынған суреті туралы айтқанда ешқандай эмоция білдірмейді.

- Суретті бояуда бояудың шетіне шығып кеткендігі, бояудың біркелкі еместігі мен қарандашты ақырын ғана басып бояғандығы байқалады.

- Іс-әрекет барысына және оның нәтижесіне деген қызығушылықтың төмендігі немесе қызығушылықтың мүлдем жоқтығы байқалып, мектеп жасына дейінгі бала тәрбиешінің одан нені талап етіп отырғандығын әрдайым түсіне бермейді.

- Акварель немесе гуашьпен жұмыс жасағанда жұмыстардың ұқыпсыздығы байқалады.

Психикалық дамуында тежелуі бар балалардың танымдық белсенділіктері, іс – әрекетке деген мотивациясы төмен болғандықтан, оларды дамытудың маңызды элементі жігерлендіру мен бейнелеу іс – әрекетіне қызығушылықты белсендіру болып табылады. Психикалық дамуында тежелуі бар балалардың моторлық сферасының дамуындағы ауытқулар оқу іс – әрекетінде белгілі қиындықтар туындатады: жазу, сурет салу, қол еңбегі дағдыларын меңгеруде жағымсыз әсер етеді. [5]

Я.В.Щевцова өзінің зерттеулерінде интеллектісі бұзылған балалардың танымдық және моторлық бұзылуларындағы өзара тығыз байланысты дәлелдеген. Бұл бойынша психикалық дамуында тежелуі бар балалардың ұсақ моторикасын дамыту олардың тілінің дамуына, сөздік – логикалық ойлауының қалыптасуына әсер етеді. [2]

Зерттеу нәтижелері. Зерттеулер көрсеткендей, ми жартышарларының арасындағы байланыстың орнығуы белгілі жас шамасына дейін жүзеге асады: қыздарда – 7 жасқа дейін, ұлдарда 8-8,5 жасқа дейін. Арнайы іріктелген жаттығулардың көмегімен ағза оң жақ және сол жақ жартышарлардың жұмысын координациялап, дене мен интеллектінің өзара әрекеттестігін дамытады. Нейрогимнастиканың әрбір жаттығуы бас миының белгілі бір бөлігінің қозуына әсер етіп, ой мен қозғалыс механизмінің бірігуін кіріктіреді. Ал бұл өз кезегінде қимыл – қозғалыс координациясы мен психофизиологиялық функциялардың дамуына әсер етеді. Нейрогимнастиканың мақсаты – түрлі анализаторлардан келетін ақпараттар арасындағы өзара байланысты орнатуға бағытталған мидың қабілеттерін дамытады. Нейрогимнастика жаттығулары балаға көп жүктеме салмай – ақ дамытуға бағытталған. Нейрогимнастиканың негізгі қағидасы – қарапайым әрекеттерді өзгертіп, күрделендіріп, миға қарапайым үйреншікті тапсырмаларды үйреншікті емес үлгіде шешуге мүмкіндік береді.

Нейрогимнастиканы қолдану аясындағы барлық жаттығуларды шартты түрде 3 функционалды блокқа бөліп қарастыруға болады (1 – кесте).

Кесте - 1. Мектеп жасына дейінгі балалардың коррекциялық – дамушы іс – әрекеттерінде нейрогимнастиканы қолданудың функционалды блоктары

1 блок	Ми жартышарлары қыртысының тонусын белсендіруге бағытталған жаттығулар (тыныс алу жаттығулары, өзіне – өзі массаж жасау)
2 блок	Ақпаратты қабылдау мен қорыту мүмкіндіктерін белсендіруге бағытталған жаттығулар (қиындығы артып отырған сипаттағы қозғалыстар)
3 блок	Іс – әрекетті бақылау мен басқаруды жақсартуға бағытталған жаттығулар (қол қалыптарын ритмикалық өзгерту)

Нейрогимнастика дегеніміз – бұл мидың жан-жақты және екі жарты шарларының жаттығуына арналған көп бағытты жаттығулар жиынтығы. Бас миы бұл өте күрделі әрі қиын құрылым және оны

дамытудың көптеген түрлері де бар. Бас ми да бұлшықет, ал денеміздегі бұлшықеттерді физикалық жаттығулар арқылы қалай дамытатын болсақ, бас миындағы бұлшықетті де дамыту қажет. Бас миы екі жарты шарға бөлінеді оң жақ және сол жақ. Сол жақ жарты шар логикалық ойлауға және ойлаудың шапшаңдығына, сөйлеу тіліне жауап береді. Сол жақ жарты шарды дамыту үшін күнделікті математикалық жаттығуларды, логикалық құрастырғыштарды, сөзжұмбақ, ребустар сияқты істермен айналысу қажет. Ал, оң жақ жарты шар кеңістікті қабылдауға, шығармашылық қабілетіне жауап береді. Оң жақ жарты шарды дамыту үшін әртүрлі кино фильмдер, саяхаттау, денешынықтырумен айналысу қажет. Ал нейрогимнастика болса, екі жарты шарды бірдей дамытуға арналған жаттығулар жиынтығы болып табылады. Мұнда бала ең бірінші ол жаттығулардың жасалып жатқандығын көреді және оны жасау үшін ойлануы керек, есте сақтау қажет және оны қимыл түрінде көрсете алуы керек. Бұл жерде тек мидың бір жарты шары ғана емес екі жарты жары да және қимылдардың үйлесімділігі де дамиды. [8]

Нейрогимнастиканың түрлері де және оның қолдану тәсілдері де өте көп және ол барлық қажетті жүйелерді біріктіреді. Нейрогимнастиканың негізгі компоненттері олар:

- Тыныс алу жаттығулары - бұл балалардың тыныс алуын реттейді.
- Уқалау элементтерін ала отырып жасалатын жаттығулар. Олар балалардың зейініне, қабылдауына және эмоциясына, көңіл - күйін бір қалыпты деңгейде ұстап тұруға көмектеседі.
- Дене жаттығулары және релаксация – балалардың бұлшықет тонустарын реттеуге көмектеседі.
- Саусақтар гимнастикасы – балалар өзінің дене мүшелерін сезінуге және олардың әртүрлілігіне мән беріп, өз денесін орналасуын түсінеді және де балалардың ұсақ моторикалары дамиды.
- Өз денесін бақылай алу жаттығулары - балалар өз дене мүшелерінің орналасуын сезінуге, өз денесін еркін басқара алуларын үйрету үшін қажет.
- Көру арқылы жасалатын жаттығулар - көздің қимылын, назар аударуға, бір затқа немесе іс-әрекетке толықтай қарай алуына және бақылай алуын, зейінін, қабылдауын тұрақтандыруға көмектеседі. [6]

Нейрогимнастикалық жаттығулар кез – келген жастағы балалар үшін тиімді болып саналады. Осы жаттығулар арқылы баланы қызықтырып, оған мотивация беруде таптырмас құрал, себебі, балада келесі жаттығулар түрін немесе өзінің жасатып жатқан нейрогимнастикалық жаттығуларды одан да жақсы жасаймын деген түрткі пайда болып, зейіні, қабылдауы, есте сақтау, дыбыс шығару қабілеттері нәтижелі қалыптасады. [7]

Талқылау. Ұсақ моторика – бұл қол саусақтарымен және саусақ ұштарымен ұсақ және нақты қимыл – қозғалыстарды ағзаның үйлестірілген әрекеттер жүйесінің (сүйек бұлшықет, жүйке, көру жүйесін қолдану арқылы) нәтижесінде орындай алу қабілеті. Психикалық дамуы тежелген балалардың қолының ұсақ моторикасының даму деңгейін анықтауда Н.И.Гуткиннің «Үйшік» әдістемесін қолдандық. Н.И.Гуткиннің «Үйшік» (1-сурет) әдістемесі үйшікті - жазуға үйрететін түрлі сызықтардан құрастыру тапсырмасынан тұрады. [4].

Әдістеменің мақсаты: баланың күрделі үлгіні көшіріп алу қабілетін анықтаудан тұрады. Тапсырма баланы үлгіге қарап бағдарлану, оны нақты көшіріп алу біліктіліктерін анықтауға, еріксіз назарының дамуын, сенсомоторлық координациясы мен қолының ұсақ моторикасының дамуын анықтауға мүмкіндік береді. Қажетті құрал – жабдықтар: сурет үлгісі, парақ, қара қарандаш. Тапсырманы орындаудан бұрын балаларға келесі нұсқаулар берілді: *«Сенің алдыңда ақ парақ пен қарандаш жатыр. Бұл парақтың бетіне тура мына суреттегі бейнеленген суретті салып беріндерші (сыналушылардың алдына үйшіктің суреті салынған парақ беріледі. Асықпай, жақсылап қарап, тура дәл осы үлгідегідей етіп салындар. Егер бір нәрсені дұрыс салмай қалсан, қолмен де өшіргішпен де өшірме. Суретті дұрыс емес салып қойсандар, оның жоғары жағына дұрысын салуға болады. Тапсырма түсінікті болса, жұмысқа кірісіндер».*

Балалар жұмысты аяқтаған соң, барлығын дұрыс салғандығын тексерілді. Өз суретінен қате тапқан балаларға, түзету мүмкіндігі беріліп, түртіп алынды. Өткізілген әдістеменің қорытындысы бойынша суреттегі белгілі бір бөлшектің жоқ болуы 6 балада, жеке бөлшектердің екі есе үлкейіп салынуы 5 балада, сурет элементтерінің дұрыс емес салынуы 7 балада, сурет бөлшектерінің кеңістікте дұрыс орналаспауы 8 балада, суреттегі сызықтардың ара қашықтығы мен бірнеше рет бастырылып салуы 5 балада кездесті. Аталған әдістеменің нәтижесі бойынша эксперимент нысаны болып табылатын 11 баланың 50% - ның сенсомоторлық дамуы артта қалған және оны дамуыды қажет етеді.

Міне, қалыптастырушы эксперименттен кейін аталған әдістеме мынандай нәтиже берді: суреттегі белгілі бір бөлшектің жоқ болуы 3 балада, жеке бөлшектердің екі есе үлкейіп салынуы 3 балада, сурет элементтерінің дұрыс емес салынуы 4 балада, сурет бөлшектерінің кеңістікте дұрыс орналаспауы 5 балада, суреттегі сызықтардың ара қашықтығы мен бірнеше рет бастырылып салуы 3 балада кездесті. Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі алынған әдістеменің нәтижесі бойынша эксперимент нысаны болып табылатын 11 баланың 8 – інде берілген тапсырманың толықтай орындалуы, кейбір критерийлер бойынша ғана ұмыт қалған жерлері болса, 3 бала әдістемені орындауда елеулі қателіктер жіберді. Бұл экспериментке 7 қатысушы балалардың сенсомоторлық дамуы 50% - дан 70% - ға артқандығын көрсетеді.

Эксперименттен кейін дамуында тежелуі бар мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасы дамуының деңгейін анықтау мақсатында А.Р. Лурияның қол саусақтарымен қимыл – қозғалысты нақты орындаудың деңгейін анықтауға бағытталған «Дөңгелектер» әдістемесі қайта алынды.

Бұл әдістеменің мақсаты: баланың берілген нақтылық бойынша қол саусақтарымен қимыл – қозғалысты орындау біліктілігінің деңгейін анықтау. Тестілеудің барысында балаларға бас бармақ және сұқ саусақпен, бас бармақ және ортаңғы саусақпен, бас бармақ және шылдыр шүмек саусақпен, бас бармақ және кішкене саусақпен кезек – кезек дөңгелектер жасауды ұсынылды. Бұл тестілеуді 3 рет, әр жасаған сайын жылдамдықты ұлғайта отырып жасадық.

Эксперименттен кейінгі тестілеудің нәтижесі бойынша қатысушы 11 баланың 9 – ы жаттығуды өте баяу орындап көрсеткенді қайталап берді қалған 2 – уі қиындықпен қайталады. Ал жаттығуды жылдамдықпен орындауда балалардың тек 8 – і берілген тапсырманы орындап, қалғандары қиындықпен, шатасып орындады. Дәл осындай мақсатта қолданған әдістемеміздің бірі - «Көжек» әдістемесі. Тестілеудің барысында бір уақытта оң қолдың сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шығарып, қалған саусақтарды жұмып ұстау. Сосын сол қолмен дәл солай әрекет жасап, сосын екі қолмен де дәл солай әрекет жасау ұсынылды. Эксперименттен кейін қол саусақтарымен көрсетілген қимыл – қозғалысты қайталай алатын балалардың көрсеткіші 55% - дан 80% - ға ұлғайды.

Қалыптастырушы эксперименттен кейін Е.И. Светлованың қолдың ұсақ моторикасының даму деңгейін анықтауға бағытталған әдістемесі де қайта алынды. Бұл әдістеме бойынша сыналушы балалар барлық жаттығуларды біз өзіміз көрсеткеннен кейін орындады. Күрделі тапсырмаларды орындауда балаларға қолдың дұрыс позициясын ұстануды үйретіп, ары қарай балалар өздері әрекет жасады. Тапсырмалар ойын түрінде, табиғи жағдайда орындалды. Диагностика ойын түрінде әрбір баламен жеке орындалды. Мұнда балалардың саусақ ұштарымен және саусақтарымен орындаған жаттығуларына бақылау жасау; тестілеу: заттармен әрекет ету, бейнелеу іс – әрекеті; алынған мәліметтерді талдау тәрізді әдістерді қолдандық.

Балалардың ұсақ моторикаларының қаншалықты дамығандығын анықтау мақсатында ойын түріндегі бірнеше тапсырмаларды орындау ұсындық. Ол пирамиданы жинау, матрешканы немесе басқа да ұсақ заттарды жинау, киімдегі түймелерді түймелету, аяқ киімнің бауын байлату, түрлі жолақтарды байлату тәрізді тапсырмалар болды. Мұнда балалардың берілген тапсырманы қандай ырғақпен орындағандарына, саусақтарының қимыл – қозғалысына назар аударылды.

Сондай балалармен мынандай жаттығулар жасалды:

1) Көзді жұмып, сол қолдың сұқ саусағын мұрынның ұшына тигізу және оң қолдың сұқ саусағын мұрынның ұтшына тигізу;

2) Қол саусақтарын кезек – кезек жұдырыққа түю: алдымен оң қол саусақтарын, сосын сол қол саусақтарын;

3) Саусақ қалыптарын өзгерту: алдымен бір қолдың саусақтырын жұдырыққа түю, біреуін жазу және керісінше орындау;

4) Саусақ ұштарымен тоқылдату;

5) Тік және көлденен сызықтарды сызуды, дөңгелекті сызуды ұсыну арқылы қарындашты ұстай алу біліктіліктерін анықтау;

6) Үстел бетінен ұсақ заттарды (түймелер, моншақтар және т.б.) кішкентай қорапқа салуды ұсыну.

[3]

Қалыптастырушы эксперименттен кейін сыналушы балалардың 7 - уі барлық тапсырманы жақсы ырғақпен орындады, саусақ ұштары мен саусақтарына көп күш түсірмей, қиналмай орындады, бұл

аталған балалар үшін жақсы нәтиже болып табылады және қолдарының ұсақ моторикасының дамуы деңгейі жақсы екендігін көрсетті. Ал қалған 4 баланың 2-уі қимыл – қозғалыс құрылымында негізгі элементтерді орындады, алайда орындау нақты емес болды. Бұл қолдарының ұсақ моторикасының даму деңгейі жеткілікті қалыптаспағандығын көрсетеді. Ал қалған 1 бала тапсырманы орындай алмай, тітіркеніп, саусақтарын орынды қимылдата алмады. Әдістеме балалардың қолының ұсақ моторикасының даму деңгейі 45% - дан 60% - ға жоғарылағандығын көрсетеді.

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижесі бойынша, экспериментке қатысқан психикалық дамуы тежелген 11 баланың сенсомоторлық дамуының деңгейі 50% - дан 70% - ға артқандығын; қол саусақтарымен көрсетілген қимыл – қозғалысты қайталай алу деңгейі 55% - дан 80% - ға ұлғайғандығын; қолының ұсақ моторикасы жақсы дамыған балалардың пайыздық көрсеткіші 45% - дан 60% - ға жоғарылағандығын байқауға болады. Аталған мәліметтерді кесте және диаграмма түрінде көрсететін болсақ:

Кесте 2. Психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасы дамуының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі даму көрсеткіші.

Көрсеткіштер	Сенсомоторлық дамуы	Саусақтарымен қимылды қайталай алуы	Қолының ұсақ моторикасының дамуы
Эксп. дейін	50%	55%	45%
Эксп. кейін	70%	80%	60%

Диаграмма 2. Психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасы дамуының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі даму көрсеткіші (диаграмма түрінде)



Кестеден және диаграммдан көріп отырғандарыңыздай, эксперимент жұмысына қатысқан психикалық дамуында тежелуі бар мектеп жасына дейінгі балалардың сенсомоторлық дамуы, саусақтармен қимылды қайталай алуы мен қолының ұсақ моторикасының даму деңгейі анықтаушы экспериментте төмен пайызды көрсетсе, қалыптастырушы эксперименттің соңында сол деңгейлердің едәуір жоғарылағандығын байқауға болады.

Яғни, эксперимент жұмысымызда психикалық дамуында тежелуі бар мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған нейрогимнастикалық жаттығулар сапалық және сандық жағынан өзінің оң нәтижесін берді деп тұжырымдаймыз.

Эксперименттен кейін сыналуды балалардың бойынан, жалпы әрекеттерінен олардың ақыл – ойында ілгерілеушіліктің бар екендігін, зейіндерін шоғырландыра білу қабілеті мен есте сақтау қабілеттерінің дамығандығын; белгілі бір дағдыларының қалыптасқандығын атап айтсақ болады.

Эксперимент жұмысымызда қолданылған нейрогимнастикалық жаттығулар экспериментке

қатысқан психикалық дамуында тежелуі бар 11 баланың 9 – ында алдыға ілгерілеушіліктің пайда болғандығын көрсетті.

Яғни, нейрогимнастикалық жаттығулар: Жүйке жүйесінің қалпын жақсартты; Жаңа ақпаратты қабылдау мен есте сақтауларын жақсартты; Когнитивті қабілеттерін (есте сақтау, ойлау, зейін) дамытты; Миларының жасырын жатқан қабілеттерін ашты; Бас миы жартышарларының жұмыстарын синхронизациялады; Көңіл – күйлерін жақсартып, қобалжу, қорқыныш тәрізді жағымсыз эмоциялардан арылтты; Балаларда туындайтын агрессиялық күйді бақылап - басқаруға мүмкіндік берді. [3]

Зерттеу жұмысымыздың эксперимент бөлімін қорытындылай келе, психикалық дамуында тежелуі бар мектеп жасына дейінгі балалар және олардың ерекшеліктері түзетуге келетіндігін және олардың психикалық үрдістерін дамытуда нейрогимнастикалық жаттығулар таптырмас құралдардың бірі екендігін айтамыз.

Қорытынды. Қазіргі таңда психикалық дамуында тежелуі бар мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарының ішінде аса өзектісі нейрогимнастикалық жаттығуларды қолдану болып отыр. Себебі, нейрогимнастикалық жаттығулар - мидың екі жартышарына арналған түрлі тапсырмаларды орындату арқылы адамның зейін, назар, есте сақтау тәрізді танымдық үрдістері мен ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар.

Зерттеу жұмысымыздың кіріспе бөлімінде таңдап алынған тақырыптың өзектілігі мен қазіргі білім беру жүйесінде психикалық дамуында тежелуі бар мектеп жасына дейінгі балалардың нейрогимнастикалық жаттығулар арқылы қолдарының ұсақ моторикасын дамыту мәселесінің әлі де толықтай зерттелмегенді туралы айтылды.

«Психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балаларда ұсақ моториканы дамыту үшін нейрогимнастиканы қолданудың теориялық негіздері» атты бірінші бөлімінде «психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалар», «қолдың ұсақ моторикасы», «нейрогимнастика» ұғымдарына анықтама беріп, психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балаларда ұсақ моториканы дамыту үшін нейрогимнастиканы қолданудың теориялық негіздері сипатталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Tebenova K.S., Rymkhanova A.R. "Arnauy psychology". – Almaty, 2017. – 45p.
2. «The system of correctional work on the development of fine motor skills in mentally retarded preschoolers in the process of constructive activity. Final qualifying work. Special (defectological) education Profile "Special preschool pedagogy and psychology"» - Yekaterinburg 2019. -13p.
3. "Neuropsychological games and exercises in the correction of speech disorders in preschoolers with disabilities" Methodical development G. Kropotkin 2022. -7p.
4. Gutkina N.I. Diagnostic program to determine the psychological readiness of children 6-7 years old for school. - MGPPU, 2002. Moscow.- 13p.
5. Semenovich A.V. "Neuropsychological correction in childhood. The method of substitutive ontogenesis: Textbook. M.: Genesis, 2007.-474 p.
6. Kravchenko L. How to develop children's hemispheric interaction//Handbook of a teacher-psychologist. – 2019. - No.6. – p.43-50
7. Neuropsychological classes with children: In 2h. Part 1 / V.Kolganova, E. Pivovarova, S. Kolganov, I. Friedrich. -Moscow : IRIS-press, 2018. -416 p. : ill.
8. Telepneva N. A., Chehlystova T. Yu., Khaletskaya M. Yu. Neurohymnastics in correctional and developmental activities with preschool children with severe speech disorders // Actual research. 2021. No.50 (77). pp. 119-121.